

Перевод и значение слова "долг":

борыш

Бұл сөз қазақ ұғымында кең мағынада қолданылады. Қазақ тілінің нормативті сөздіктерінде «қарыз, берешек, бересі» түрінде түсіндіріледі. Қазақ жазба нұсқаларында тура немесе ауыспалы мағынада борыш және қарыз сөздері кейде тепе-тең мағынада (борышқа бату / қарызға бату), көп ретте әр басқа мағынада (мы- салы, қарыз алу; бірақ борыш алу емес; отан алдындағы борыш; бірақ отан алдындағы қарыз емес) жұмсалады. Экономика ғылымындағы еңбектерде осы екі сөздің термин ретіндегі мағыналарының сұрыпталуы әлі де болса қалыптану үстінде. Кейбір зерттеулерде борыш және қарыз сөздері «долг» мағынасында берілсе, оларды даралап, «борыш—долг», «қарыз—заём» түрінде ұсыну да бар. Бұларды көрсетіп отырған себебіміз — ауыл кәсіпкерлерінің қандай да бір құжат толтыру кезінде терминдердің мағынасын түсінуі маңызды. Әлі де бірізділену сатысындағы терминдердің мағыналық айырмашылығын төмендегі тіркестерден көруге болады

аға борыш / басым құқықты борыш — старший долг ағымдағы борыш — текущий долг ақшалай қарыз — денежный долг артықшылықты борыш — преимущественный долг бағынышты борыш — подчинённый долг бірінші кезектегі борыш — первоочередной долг даулы борыш — спорный долг дәрежеленген борыш; реттелген борыш — субординированный долг ипотекалық борыш — ипотечный долг корпоративтік сектордың борышы — долг корпоративного сектора күмәнді борыш — сомнительный долг қамтамасыз етілген борыш — обеспеченный долг қорланған борыш — накопленный долг мемлекеттік борыш — государственный долг мерзімсіз борыш — бессрочный долг мерзімі кешіктірілген / мерзімі өтіп кеткен борыш — просроченный долг оқшауландырылған борыш — замороженный долг өздігінен өтелетін борыш — самопогашающийся долг өтелмеген борыш — непогашенный долг пұрсаттылықты борыш — преференциальный долг сыртқы борыш — внешний долг тұрақталған борыш — фундированный долг ұзақ мерзімді борыш — долгосрочный долг ұлттық борыш — национальный долг халықаралық борыш — международный долг халықтың жан басына шаққандағы борыш — долг в расчёте на душу населения шоғырландырылған борыш — консолидированный долг шоғырландырылмаған борыш — неконсолидированный долг ішкі борыш — внутренний долг

Переведено с помощью "Кәсіпкер сөздігі"